

А.Б. Альдибаева^{*} , К.О. Сейтказина 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: 1508_aida@mail.ru; seitkazina_ko@enu.kz)

XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы шариғат пен әдет нормаларының өзара ықпалының тарихи ерекшеліктері

Мақалада XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы шариғат пен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалы, оның рухани мәдениетке әсері және олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлі қарастырылды. Тақырыптың өзектілігі дәстүрлі қоғамның рухани мәдениетінің қалыптасу негіздерін, оның тарихи сабақтастығы мен даму жолын ғылыми тұрғыда талдау қажеттілігімен айқындалады. Авторлар әдет-ғұрып нормаларының қоғамдық қатынастарды реттеудегі қызметі, олардың әлеуметтік құрылыммен, дүниетанымдық құндылықтармен және құқықтық санамен байланысы ғылыми айналымдағы материалдар негізінде талдаған. Дәстүрлі әдет нормаларының өзгермелі тарихи-саяси жағдайларға бейімделу ерекшеліктеріне талдау жасалды. Қазақ халқының дәстүрлі әдет нормалары көшпелі өркениеттің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасып, қоғамдық қатынастарды реттеуде маңызды қызмет атқарды. Бұл нормалар қоғамның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік үйлесімділікті сақтаудың тиімді құралы болды. Сонымен қатар әдет-ғұрып ережелері құқықтық сананың қалыптасуына ықпал етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани құндылықтардың беріктігін қамтамасыз етті. Осыған орай, зерттеу барысында қазақ қоғамындағы әдет нормалары мен шариғат заңдарының өзара ықпалы негізінде қалыптасқан рухани мәдениеттің мазмұны ашылып, олардың қоғамдық санаға, құқықтық тәжірибеге және күнделікті өмір салтына тигізген ықпалы анықталды. Шариғат пен әдет нормаларының өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан құндылықтық бағдарлар мен мәдени сабақтастықтың ерекшеліктері жүйелі түрде қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының әдет нормалары шариғат заңдарына қайшы келмейтіні, олардың негізгі қағидаларымен үйлесімде дамығаны және көшпелі өркениеттің ерекшеліктерімен сабақтастықта қалыптасқаны анықталды. Әдет нормалары қазақ қоғамының күнделікті өмірін, әлеуметтік қатынастарын және моральдық қағидаларын реттеуде жетекші рөл атқарса, шариғат заңдары бұл жүйені рухани-діни тұрғыдан толықтырып отырған. Бұл өзара ықпалдастық қазақ қоғамындағы құқықтық сананың ерекшелігін айқындап, оның ішкі тұтастығын берік етті. Көне түркі қоғамының құқықтық дәстүрлері мен заңдарының ықпалы қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық жүйесінің қалыптасуында маңызды фактор болғаны анықталды. Түркі дәуіріндегі құқықтық нормалар, билік құрылымы және әлеуметтік қатынастарды реттеу тәжірибесі қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінде тарихи сабақтастық ретінде сақталып, жаңа мазмұнмен толықтырылды.

Кілт сөздер: қазақ қоғамы, шариғат заңдары, әдет-ғұрып нормалары, құқықтық жүйе, рухани мәдениет, тарихи сабақтастық, көшпелі өркениет.

Kipicne

Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың өмірлік тәжірибесі мен мәдени құндылықтарының негізінде қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құбылыс. Әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер қоғамның тұрмыс-тіршілігін, өндірістік дағдыларын, дүниетанымдық ұстанымдарын айқындап, ұзақ тарихи кезеңдерде өзгеріп, жетіліп отырған. Осы тұрғыдан алғанда, әдет нормалары қоғамдық қатынастарды реттеудің ғана емес, сонымен қатар рухани мәдениетті қалыптастырудың маңызды тетігі ретінде көрінеді.

Мақаланың хронологиялық шеңбері ретінде XIX ғ. соңы — XX ғ. бас кезеңін қамтиды және бұл тарихи-әлеуметтік, саяси өзгерістердің қарқын алуымен негізделеді. Бұл кезеңде қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы сыртқы ықпалдардың, әсіресе әкімшілік реформалардың әсерінен түбегейлі өзгеріске ұшырады. Аталған реформалар дәстүрлі басқару жүйесін әлсіретіп, құқықтық қатынастардың жаңа үлгілерін енгізді. Сонымен қатар бұл кезеңде әдет-ғұрып нормалары мен шариғат заңдарының өзара ықпалы айқын көрініс тауып, қоғамдық қатынастарды реттеудің негізгі тетіктері ретінде қатар қолданылды.

Қазақ халқының әдет нормалары ұлттың тарихи дамуымен тығыз байланыста болып, дүниетанымдық көзқарасымен сабақтастықта дамыды. Ислам діні қазақ даласына негізінен бейбіт

^{*} Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: 1508_aida@mail.ru

жолмен келіп, уақыт өте келе күнделікті өмір салтының ажырамас бөлігіне айналды. Нәтижесінде шарифат заңдары мен дәстүрлі әдет нормалары арасында қарама-қайшылықтан гөрі өзара бейімделу және толықтыру үрдісі қалыптасты. Бұл өзара ықпалдастықты қазақ қоғамының құқықтық тәжірибесінде және күнделікті өмірінде нақты көріністерден байқауға болады. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты — XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы шарифат пен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалын тарихи тұрғыдан кешенді талдау, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлін және рухани мәдениетті қалыптастырудағы маңызын айқындау. Алға қойған мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттерді шешу көзделді: қазақ қоғамындағы дәстүрлі әдет-ғұрып нормаларының қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық жүйедегі орнын анықтау, шарифат заңдарының қазақ даласына таралу үдерісін және оның әлеуметтік-құқықтық қатынастарға ықпалын талдау, қазақ қоғамындағы әдет нормалары мен шарифат заңдарының өзара байланысын тарихи деректер негізінде көрсету, олардың ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасқан рухани мәдениет ерекшеліктерін айқындау.

Шарифат пен әдет нормаларының өзара ықпалы мәселесі жалпы ғылыми әдебиеттерде әртүрлі қырынан қарастырылғанымен, олардың XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы нақты көріністері, құқықтық тәжірибеде іске асу тетіктері жеткілікті деңгейде кешенді түрде зерттелмеген. Әсіресе, осы кезеңдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында әдет-ғұрып пен шарифат нормаларының өзара ықпалдасу сипаты, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі нақты рөлі мен өзара үйлесім механизмдері арнайы ғылыми талдауды қажет етеді. Сонымен қатар осы үдерістің қазақ қоғамының рухани мәдениетіне, құқықтық санасына және әлеуметтік құрылымына тигізген ықпалы толық ашылмаған. Сол себепті, зерттеу мәселесі қазақ қоғамындағы шарифат заңдары мен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалының нақты тарихи кезең мен аймақтық ерекшелік негізінде жүйелі түрде зерттелмеуінде болып отыр.

Қазіргі ғылыми айналымдағы еңбектерде бұл мәселе көбіне жалпы сипатта қарастырылып, құқықтық нормалардың өзара әрекеттесу тетіктеріне, олардың қоғамдық қатынастардағы нақты көріністері мен өңірлік айырмашылықтарына талдау жасалмаған. Және бұл екі құқықтық жүйенің қоғамдағы орны, олардың бірін-бірі толықтыру немесе шектеу деңгейі, сондай-ақ нақты құқықтық тәжірибеде қалай жүзеге асқаны жөніндегі мәселелер ғылыми тұрғыдан толық ашылмаған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы шарифат заңдары мен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалдастығының нақты тарихи мазмұнын ашумен және исламдық ықпалдың деңгейі мен оның дәстүрлі құқықтық нормаларға әсері алғаш рет өңірлік материалдар негізінде жүйелеумен анықталады.

Материалдар және әдістер

Зерттеудің негізгі материалдары кешенін қазақтың дәстүрлі әдет нормалары жөніндегі жазба деректер, шарифат заңдары мен қазақ қоғамының рухани мәдениеті, дәстүрлі құқықтық жүйесі, салт-дәстүрлері мен діни ұстанымдары қамтылған ғылыми зерттеулер құрайды. Мақала тақырыбына тікелей қатысты ғылыми зерттеулердің саны шектеулі болғанымен, мәселенің жекелеген сұрақтары әртүрлі кезеңдердегі ғылыми еңбектерде ішінара көрініс тапқан, сондықтан, тақырыпты зерттеу барысында XIX ғ. соңынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Атап өту қажет, XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамының құқықтық және рухани өмірі әдет-ғұрып нормалары мен шарифат заңдарының өзара ықпалы мәселесі көбінесе отандық ғалымдардың еңбектерінде зерделенді. Тақырыпқа қатысты еңбектерде дәстүрлі әдет нормаларының көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын, тұрмыс-тіршілігін және қоғамдық қатынастарын реттеудегі негізгі тетік болғаны, ал ислам діні мен шарифат қағидаларының бұл жүйені рухани-діни тұрғыдан толықтырғаны атап көрсетіледі. Біз қарастырған зерттеулерде шарифат пен әдет нормаларының өзара ықпалы неке-отбасылық қатынастарда, мұрагерлік құқықта, дауларды шешу тәжірибесінде және моральдық-этикалық ұстанымдар жүйесінде көрініс табуы мәселесі жан-жақты талданады. Бұл еңбектерде әдет нормаларының әлеуметтік қатынастарды реттеудің негізгі практикалық тетігі болғаны, ал шарифат заңдарының қоғамдағы мінез-құлық нормаларын моральдық-діни тұрғыдан негіздегені көрсетіледі.

Тақырыпты зерттеу барысында тарихи талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ қоғамындағы әдет нормалары мен шарифат заңдарының қалыптасу ерекшеліктері, олардың құқықтық жүйедегі орны және өзара ықпалына талдау жасалды. Және құқықтық нормалардың тарихи

эволюциясын және олардың қоғамдық қатынастардағы қызметін де анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи салыстыру әдісінің негізінде XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы әдет нормалары мен шариғат заңдарының өзара ықпалы алдыңғы кезеңдермен салыстырыла талданды. Сондай-ақ жүйелеу әдісінің негізінде әртүрлі ғылыми еңбектер мен деректердегі мәліметтер бір жүйеге келтірілді және зерттеліп отырған мәселенің тұтас ғылыми көрінісі қалыптастырылды.

Нәтижелері

XVIII–XIX ғғ. Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі қазақ қоғамының құқықтық жүйесіне елеулі өзгерістер алып келді. Патшалық билік қазақ даласын әкімшілік тұрғыдан игеру мақсатында дәстүрлі басқару институттарын, соның ішінде әдет-ғұрып заңдарын жүйелеу мен қайта қарастыруға кірісті. Негізінен, XIX ғ. ортасына дейін қазақ қоғамында әдет-ғұрып нормалары басымдыққа ие болды. Ішкі даулар, шаруашылық, отбасылық және қылмыстық істер негізінен дәстүрлі құқық шеңберінде шешілді. Алайда экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің ықпалымен жаңа құқықтық институттар енгізіле бастады. Әсіресе хандық биліктің әлсіреуі мен билер сотының рөлінің төмендеуі дәстүрлі құқықтық жүйенің трансформациясына алып келді. Патша үкіметі тарапынан қалыптасқан жүйені әлсіретуге бағытталған саясатын белсенді түрде жүргізді. Осы мақсатта дәстүрлі басқару жүйесін қайта құру үшін 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» және 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» енгізілді.

Бұл реформалар хандық билікті жойып, оның орнына округтік және әкімшілік басқару жүйесін қалыптастырды. Сонымен қатар патша үкіметі билер сотының құзыретін шектеп, оның қызметін ресми әкімшілік бақылауға алды. Әдет-ғұрып нормаларын жазбаша түрде кодификациялау арқылы оларды мемлекеттік басқару жүйесіне бейімдеуге әрекет жасалды. 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалар қазақ даласын толықтай империялық басқару жүйесіне енгізіп, дәстүрлі құқықтық институттардың ықпалын одан әрі әлсіретті. Яғни, осы реформалар нәтижесінде империялық құқықтық жүйе біртіндеп дәстүрлі құқықтық институттарды ығыстыра бастады. Билер сотының құзыреті тарылып, маңызды істер империялық сот органдарына берілді, ал дәстүрлі құқық нормалары тек жергілікті деңгейдегі ұсақ дауларды шешумен шектелді. Құқықтық жүйедегі бұл өзгерістер қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына да әсер етіп, жаңа басқару тетіктерінің қалыптасуына алып келді [1; 45].

Жалпы қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің қалыптасуында тарихи-мәдени және географиялық факторлардың маңызды рөл атқарды. Аталған аймақтың Сырдария аңғары, Жетісу мен Орта Азиямен тығыз байланыста орналасуы мұнда отырықшы және көшпелі мәдени элементтердің өзара ықпалдасуына әсер етті. Нәтижесінде қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрып жүйесі жергілікті ерекшеліктерге бейімделіп, көрші түркі халықтарының мәдени ықпалымен байытылды.

Зерттеу барысында қазақ қоғамында ислам дінінің ықпалы ерекше орын алғаны анықталды. Діни сенім мен дәстүрлі наным-сенімдердің синтезі нәтижесінде шариғат нормалары тұрмыстық және отбасылық рәсімдермен астасып, біртұтас мәдени-әлеуметтік жүйе қалыптастырды. Мәселен, баланың дүниеге келуіне байланысты ырымдар, әулиелерге қатысты сенімдер, неке және құдалық рәсімдері сияқты дәстүрлерде исламдық элементтер мен ежелгі дүниетанымдық түсініктер қатар сақталды [2; 202]. Ислам дініндегі сопылық ілімінің қазақ қоғамында исламның кең таралуына ерекше ықпал еткені белгілі. Сопылық ілім арқылы әулиелер культі қалыптасып, қасиетті орындарға зиярат ету кең өріс алды. Қожа Ахмет Ясауи сияқты сопылық дәстүр өкілдерімен байланысты зиярат ету, әулиелерді құрметтеу исламдық және жергілікті дәстүрлердің тоғысуының көрінісі болды. Және мұсылмандық дұғалар мен тұмарлар бұрынғы магиялық-символдық функцияларды сақтап, жаңа діни формада қолданылды.

XIX ғ. соңы — XX ғ. басында қазақ қоғамында ислам дінінің күнделікті өмірдің барлық саласына терең енген еді. Бұл кезеңде шариғат нормалары тек діни рәсімдермен шектелмей, білім беру, отбасылық қатынастар және қоғамдық тәртіпті реттеуде маңызды орын алды. Қазақ қоғамында ислам қағидалары кең таралғанымен, шариғат нормалары жергілікті әдет-ғұрыптармен үйлесімді түрде қолданылды. Діни білімнің таралуы медреселер мен молдалардың қызметі арқылы жүзеге асып, қоғамда исламдық құндылықтардың орнығуына ықпал етті [3; 186].

Жетісу өңіріндегі қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін талдау олардың шариғат нормаларымен өзара ықпалдастықта дамыған күрделі жүйе екенін көрсетті. Бұл өңірде ислам діні әлеуметтік қатынастарды реттеуші маңызды фактор ретінде көрініс тапқан. Әсіресе неке, мұрагерлік, жерлеу және қайырымдылыққа қатысты рәсімдерде шариғат талаптары дәстүрлі әдет нормаларымен

үйлесім таба отырып, құқықтық және моральдық тәртіпті қамтамасыз етті. Сонымен бірге жергілікті ерекшеліктерге байланысты шарифат нормалары толық күйінде емес, қазақ қоғамының қалыптасқан әдеттік құқық жүйесіне бейімделе отырып қолданылғаны байқалады [3; 182].

XX ғ. 20–30-жылдарынан бастап кеңестік билік ислам дініне қарсы жүйелі күрес жүргізіп, мешіттер мен медреселер жабылып, діни қызметкерлер қудалауға ұшырады. Шарифат нормаларының ресми құқықтық жүйедегі рөлі әлсіреп, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі ықпалы шектелді. Діни білім беру жүйесінің жойылуы халықтың діни сауаттылығының төмендеуіне және ислам қағидаларының тұрмыстық деңгейде ғана сақталуына алып келді [4; 75]. Соған қарамастан қазақ қоғамында әдет-ғұрып нормалары мен исламдық заңдылықтар жойылмай, халықтың күнделікті өмірінде сақталып қалды. Әсіресе отбасылық қатынастар, неке, жерлеу, ас беру және діни жоралғыларда шарифат талаптары мен дәстүрлі әдет нормалары қатар қолданылып отырды. Кеңестік құдайсыздық саясатына қарамастан, халық арасында діни сенімнің сыртқы формалары әлсірегенімен, оның ішкі мазмұны, рухани мәні және әдеттік жүйемен байланысы сақталды.

Қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастардың толықтай шарифатқа негізделмеуінен әдет нормалары жетекші рөлін сақтап қалды. Дегенмен исламдық тәжірибелер мен әдет нормалары трансформацияға ұшырады. Мысалы, намаз оқу, ораза ұстау, садақа беру сияқты діни міндеттер толық көлемде орындалмаса да, олардың символдық және тұрмыстық формалары сақталып отырды. Діни рәсімдер көбінесе бейресми сипат алып, әулиелерге зиярат ету, жергілікті қасиетті орындарға табыну сияқты синкреттік дәстүрлер қолданыста болды. Әсіресе, патриархалдық-рулық құрылым жағдайында әдет нормалары қоғамдық өмірдің негізгі реттеушісі болып қалып, шарифатпен толықтырылып отырды. Бұл жағдай қазақ қоғамының құқықтық және рухани жүйесінің икемділігін, сондай-ақ оның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ерекшеліктерін көрсетеді.

Сонымен қатар қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып және құқықтық жүйесінде билер институты ерекше маңызға ие болды. Дәстүрлі ортада билер тек сот қызметін атқарып қана қоймай, сонымен қатар халықтың құқықтық нормалары мен әдет-ғұрыптарының сақтаушылары әрі таратушылары болды. Олар даулы мәселелерді шешуде тек құқықтық нормаларға ғана емес, сонымен бірге ар-ождан, әділдік және бітімгершілік қағидаттарына сүйенген. Мәселен дауларды шешуде «жан беру» сияқты ант беру рәсімдері мен туыстық келісімге негізделген бітім жолдары кеңінен қолданылған [5; 119]. Бұл жағдай қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастардың формалды заңнан гөрі моральдық-этикалық нормаларға негізделгенін көрсетеді. Сонымен бірге мұндай тәжірибе әдет нормаларының қоғамдық өмірдегі басымдығын және олардың шарифат талаптарымен қатар, бірақ дербес түрде қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Сырдария өңіріндегі қазақтардың отбасылық-әлеуметтік қатынастарында әдет-ғұрыптардың экономикалық және әлеуметтік реттеуші қызмет атқарғанын көрсетеді. Әсіресе қалыңмал институты некелік келісімнің белгілі бір шарты ғана емес, бастысы екі жақтың материалдық жауапкершілігін айқындайтын маңызды тетік болған. Қалыңмалдың төлену тәртібі, оның мөлшерін анықтау және төлеу мерзімінің икемділігі қоғамдағы келісім мен өзара мүдделерді үйлестіруге бағытталған. Ал, той рәсімдері көпсатылы құрылымға ие болған және олар әлеуметтік интеграция құралы ретінде қызмет атқарған. Үйлену, құдалық және оған қатысты жоралғыларда қауым мүшелерінің кеңінен қатысуы, сый-сияпат алмасу және рәсімдік әрекеттердің жүйелі түрде орындалуы қоғамдағы туыстық және әлеуметтік байланыстарды нығайтқан [6; 87-94]. «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», сондай-ақ кейінгі кезеңдегі «Қазақ» журналы мен басқа да басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік құрылымы және дәстүрлі құқықтық нормалары туралы құнды мәліметтер жарияланды. Бұл материалдарда қазақ қоғамындағы әдет-ғұрыптардың сақталу деңгейі, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлі, сондай-ақ заман ағымына байланысты өзгерістері кеңінен сипатталды [7; 185-193].

Зерттеу нәтижелері қазақ қоғамында исламның күнделікті өмірде «тұрмыстық ислам» түрінде қалыптасқанын және оның жергілікті әдет-ғұрыптармен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Р.М. Мустафинаның зерттеулерінде XIX ғ. соңы — XX ғ. басында қазақтар арасында ислам негізінен тұрмыстық деңгейде таралып, оның негізгі талаптары толық сақталмағанын атап көрсетеді. Халықтың басым бөлігі ислам қағидаларын ішінара ғана меңгеріп, діни рәсімдерді молдалардың қатысуымен орындаған, ал күнделікті өмірде жергілікті әдет-ғұрыптар басым болған [8; 29].

Отбасылық қатынастарда әмеңгерлік, қалыңмал, құдалық сияқты дәстүрлер сақталып, олар шарифат талаптарымен қатар өмір сүрген. Бұл жағдайда шарифат нормалары әдет-ғұрыптарға бейімделіп, олардың мазмұнын толықтырушы элемент ретінде қызмет атқарған. Яғни, қазақтардың

діни тәжірибесінде исламға дейінгі сенімдер кеңінен сақталған [8; 31]. Әулиелерге табыну, зиярат жасау, табиғат күштеріне байланысты нанымдар исламдық түсініктермен қатар қолданылған. Наурыз мерекесі, бақсылық сарқыншақтары, малға қатысты культтік түсініктер ислам ықпалына қарамастан жойылмай, жаңа мазмұнға ие болған.

Зерттеу барысында қазақ қоғамында діни білімнің институционалдық деңгейде әлсіз дамығаны анықталды, яғни мешіттер мен медреселер жүйесі кең таралмаған, діни білім көбіне ауызша берілген. Соның нәтижесінде ислам қазақ қоғамында қатаң жүйе ретінде емес, жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделген икемді мәдени-діни қабат ретінде қалыптасты. Әдет-ғұрыптар жүйесінде шариғат нормаларының жанама ықпалы да байқалады. Әсіресе неке қию, туыстық қатынастарды реттеу және моральдық тәртіпті сақтау мәселелерінде исламдық қағидаттар дәстүрлі әдет нормаларымен астасып отырған. Қазақ қоғамында анимистік және шамандық түсініктердің сақталуын демонологиялық ұғымдар мен бақсылық институттардың болуынан көруге болады. Исламның таралуы бұл жүйені толық жоймаған, керісінше, оның көптеген элементтері исламдық түсініктермен ұштасып, жаңа мазмұнға ие болды.

Сонымен қатар қазақтардың тұрмысында діни синкретизм де сақталды, оны ислам нормалары мен көне сенімдер бір-бірін толықтырып, қатар өмір сүргенінен көруге болады. Отқа табыну, тәңірлік түсініктер, табиғат күштеріне сену сияқты элементтер исламдық тәжірибемен бірге қолданылды. Нәтижесінде қазақ қоғамында «тұрмыстық ислам» қалыптасып, ол ресми діни жүйеден гөрі халықтың күнделікті өміріне бейімделген, икемді және көпқабатты діни-мәдени құбылыс ретінде орнықты.

Кеңестік кезеңде ресми атеистік идеология үстемдік еткеніне қарамастан, ауылдық жерлерде, әсіресе Жетісу өңірінде, діни сенімдер мен ғұрыптық тәжірибелер тұрмыстық деңгейде сақталған. Дінилік ең алдымен отбасылық өмірде, салт-дәстүрлер мен күнделікті тәжірибеде көрініс тауып, халықтың дүниетанымының құрамдас бөлігі ретінде өмір сүрген. Діннің тұрмыстық деңгейде сақталуы оның ресми институттардан тыс өмір сүру қабілетін көрсетеді. Яғни, Жетісу өңіріндегі діни тәжірибелер халықтың әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланысты, өзгермелі, бірақ тұрақты мәдени құбылыс ретінде сипатталады [9; 37].

Халықтық дүниетаным жүйесінде табиғат құбылыстары мен маусымдық өзгерістерді тану маңызды орын алып, ол ай мен жұлдыз қозғалысына негізделген есептер, сондай-ақ тұрмыстық тәжірибемен ұштасқан білімдер арқылы көрініс тапқан. Бұл танымдық жүйе мифтер, аңыздар, өлең-жырлар арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Наурыз, қымызмұрындық сияқты мерекелер мен аластау, от жағу, ошаққа қатысты рәсімдер халықтың рухани мәдениетінде орныққан дәстүрлі ғұрыптардың күрделі кешенін құрайды. Сонымен қатар жарапазан жырының түркі халықтарына ортақ сипаты оның діни-ғұрыптық және маусымдық мазмұны арқылы айқындалып, кең мәдени кеңістіктегі таралуын көрсетеді. Батырлық эпостардағы Кетбұға, Едіге, Есім хан бейнелері тарихи тұлғалардың халық жадында сақталуын қамтамасыз етіп, олардың түркі әлеміндегі ортақ мәдени-тарихи мұра ретіндегі маңызын айқындайды [10; 365].

Қазақ қоғамындағы шариғат пен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалы бірнеше аспектіден көрінеді. Әдет-ғұрып нормалары көшпелі өркениетке негізделген, дәстүр мен дүниетанымға сүйенген, шаруашылық-тұрмыстық қатынастардан қалыптасқан, көне түркі кезеңінен бастау алатын әдеттік-құқықтық тәжірибе. Ал, шариғат заңдары ислам діні негізінде қалыптасқан, Құран мен хадиске сүйенетін, мұсылмандық құқықтық дәстүр арқылы қазақ қоғамына енген жүйе. Әдет нормалары көшпелі қоғам жағдайында рулық қатынастардың үзілмей сақталуында, көшпелі мал шаруашылығындағы қатынастарды реттеуде үлкен рөл атқарды. Шариғат қоғамдағы рухани, әлеуметтік қатынастарды реттеп отырған.

Шариғаттың өзіне тән көптеген әдет ғұрыптық талаптары болды. Қарапайым адамның күнделікті іс әрекетіндегі міндеттері мен талаптары, ережелері белгіленген және қоғамдық қатынастардың барлық жақтарын қамтиды. Қоғам ішіндегі даулы мәселелерді шешу, қылмыстарды жазалау шариғатпен қатар қарастырылды. Шариғат ісі де көпшілік алдында билер ісі секілді ауызша жүргізілді. Қарыз беру, алу жолдары, шариғат бойынша мұсылмандар үшін бір-бірінің жоғын жоқтап жәрдемдесу мақсатында ерекше болды. Әдет нормалары мен шариғат заңдарының құқықтық жүйедегі орны маңызды саналды. Әдет нормалары қазақ қоғамының негізгі құқықтық реттеушісі ретінде қызмет атқарып, әлеуметтік қатынастардың басым бөлігін реттеді және билер соты арқылы жүзеге асырылды. Ал шариғат заңдары діни-құқықтық нормалар жүйесі ретінде неке-отбасылық, мұрагерлік және моральдық мәселелерді реттеуде қолданылды. Далалық заңдардан шариғаттың

айырмашылығы әр мұсылманның өз іс-әрекеті үшін жауаптылығы. Дәстүрлі қоғамда жауапкершіліктің бірнеше сатысы болды.

Әдет нормалары мен шариғат заңдарының тарихи бастаулары да сабақтас. Қазақ әдет нормалары бірнеше негізгі кезеңдер арқылы қалыптасты. Ең алдымен, оның негізін дағдылы құқық, яғни әдет-ғұрып жүйелері құрады. Кейінгі кезеңде қазақтың әдеттік-құқықтық қатынастарына шариғат заңдары ықпал етті. Үшінші кезеңде құқықтық жүйенің дамуына билеушілердің заңдық ережелері, яғни хан жарлықтары әсер етті. Ал соңғы кезеңде дәстүрлі қазақ қоғамында құқық шығармашылығын жүзеге асырған билер институты маңызды рөл атқарды. Сол себепті, қазақ қоғамында шариғат пен әдет-ғұрып нормаларының өзара ықпалы бар жүйе ретінде қалыптасқан еді. Шариғат нормалары толыққанды үстем құқықтық жүйеге айналып, дәстүрлі әдет нормаларымен бейімделе отырып қолданылған, ал әдет-ғұрыптар өз кезегінде исламдық құндылықтармен мазмұндық тұрғыда толықтырылып отырды. Бұл өзара ықпал әсіресе отбасылық-құқықтық қатынастарда, діни рәсімдерде және күнделікті тұрмыста айқын көрініс тапты.

Талқылау

XIX ғ. қазақ қоғамының рухани мәдениеті, әдет нормалары мен діни мәселелері Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көрініс тапты [11]. Ол қазақтардың діни сенімдерін синкреттік құбылыс ретінде қарастырып, шамандық пен ислам элементтерінің қатар өмір сүретінін атап көрсетті. Ал В.В. Радлов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын этнографиялық тұрғыда сипаттап жазды [12]. А. Вамбери еңбектерінде ислам дінінің дәстүрлі қоғамға ықпалына назар аударылды. Ол исламның таралуын сыртқы ықпал ретінде қарастырып, оның жергілікті салт-дәстүрлермен өзара байланысын атап өтеді [13].

Қазақ қоғамының рухани құндылықтарын зерттеу ісі негізінен XX ғ. жүйелі түрде дамып, ғылыми бағыт ретінде қалыптасты. В.В. Бартольдтің зерттеулерінде Орталық Азия халықтарының ислам дінін қабылдауы және оның әлеуметтік-мәдени өмірге тигізген ықпалы жан-жақты талданды. В.В. Бартольд исламның тек діни жүйе ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды реттеуші маңызды фактор болғанын атап көрсетіп, оның дәстүрлі нормалармен, соның ішінде әдет-ғұрып ережелерімен өзара байланысына назар аударды. Ғалым еңбектерінде мәдени алмасу үдерістері, салт-дәстүр мен әдет нормаларының қалыптасуына табиғи орта мен тарихи жағдайлардың әсері, сондай-ақ рухани мәдениеттің эволюциясы кеңінен қарастырылды. Әсіресе, түркі халықтарының ұзақ тарихи кезеңдегі әлеуметтік, саяси және мәдени даму жолы жүйелі түрде сипатталып, ислам өркениетінің ықпалы ғылыми тұрғыдан негізделді [14].

Қазақ халқының мәдени және құқықтық байланыстарын зерттеуде А.Н. Бернштам да үлес қосты. Оның еңбектерінде отырықшы мәдениеттің дамуы, қалалық өмірдің қалыптасуы және әртүрлі мәдени ықпалдардың өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылып, бұл үдерістердің дәстүрлі қоғам құрылымына, оның ішінде құқықтық қатынастарға әсері көрсетілді [15]. Сондай-ақ, В.К. Герн зерттеуінде қазақтардың мінез-құлқы мен тұрмыс-салтына сипаттама беріп, әдет-ғұрыптардың әлеуметтік маңызын айқындайды [5]. Ә.Х. Марғұланнның зерттеулерінде көшпелі қоғамның тарихи-мәдени дамуын жаңа қырынан қарастырылып, дәстүрлі өмір салты мен құқықтық нормалардың өзара байланысын терең түсіндіруге мүмкіндік беретін тұжырымдар ұсынылды [16].

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық жүйесін зерттеуде С.З. Зимановтың еңбектері ерекше орын алады. Ғалым қазақтың әдет-ғұрып құқығын дербес құқықтық жүйе ретінде қарастырып, оның тарихи қалыптасуы мен эволюциясын жан-жақты талдаған. С.З. Зимановтың зерттеулерінде көшпелі қоғамдағы құқықтық қатынастардың негізін әдет нормалары құрағаны, ал шариғаттың бұл жүйеге белгілі бір деңгейде ықпал етіп, оны толықтырушы рөл атқарғаны ғылыми тұрғыдан негізделді. Ол қазақ қоғамындағы билер сотының қызметін, құқықтық нормалардың ауызша түрде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілу ерекшеліктерін көрсете отырып, дәстүрлі құқықтың өміршеңдігін дәлелдеді. Сонымен қатар ғалым әдет пен шариғат нормаларының өзара байланысын синкреттік құбылыс ретінде бағалап, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі үйлесімділігін атап өтеді [1].

Ж.С. Мажитованың пайымдауынша, әдет пен шариғат нормалары қатар дамып, өзара ықпалдастықта қоғамдық қатынастарды реттеудің біртұтас жүйесін құрады. Атап айтқанда, шариғат нормалары негізінен діни және отбасылық мәселелерді шешуде қолданылса, қоғамдық, шаруашылық және тұрмыстық қатынастар көбіне әдет-ғұрып құқықтары арқылы реттелді. Алайда мұндай құқықтық жүйе Ресей империясының отарлық саясатына сәйкес келмеді. Осыған байланысты патша үкіметі реформалар барысында әдетті ішінара сақтай отырып, шариғаттың ықпалын әлсіретуге

бағытталған саясат жүргізіп, оны біртіндеп қазақ қоғамының құқықтық тәжірибесінен ығыстыруға әрекет жасады [10; 25-33].

XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы мерзімді басылымдар қазақ қоғамындағы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрып нормаларын зерттеудің маңызды дереккөздерінің бірі. С. Смағұловтың еңбектерінде XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы қазақ мерзімді басылымдарында неке қию, беташар, келін түсіру, наурыз мерекесі сияқты дәстүрлердің мазмұны мен орындалу тәртібі жан-жақты сипатталған. Бұл деректер әдет-ғұрып нормаларының қоғамдық қатынастарды реттеуші негізгі құқықтық тетік болғанын дәлелдейді. Аталған материалдарда исламдық элементтердің, соның ішінде шариғат талаптарының тұрмыстық деңгейде көрініс табуы және олардың әдет нормаларымен өзара ықпалдасуы айқын байқалады [7; 191].

Мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар қазақтың отбасылық қатынастары, неке мен мұрагерлік дәстүрлері, тәрбиелік нормалары және қоғамдық мінез-құлық үлгілері туралы жүйелі ақпарат береді. Бұл деректерде ислам дінінің қазақ қоғамындағы орны, шариғат нормаларының күнделікті өмірдегі көрінісі және олардың әдет-ғұрып жүйесімен өзара байланысы да көрініс тапқан. Авторлар қазақ қоғамындағы дәстүрлі нормалардың уақыт өте келе трансформацияға ұшырағанымен, олардың негізгі мазмұны сақталғанын атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, мерзімді басылымдар қазақ қоғамындағы әдет пен шариғат нормаларының өзара ықпалын зерттеуде маңызды тарихи-этнографиялық дереккөз ретінде бағаланады [7; 190].

Н. Калмаковтың зерттеулерінде Сырдария облысының солтүстік өңіріндегі қазақтардың отбасылық әдет-ғұрыптары қоғамдық өмірдің маңызды реттеуші тетігі болғанын көрсетеді. Әсіресе үйлену, құдалық, той өткізу дәстүрлері кең ауқымды әлеуметтік байланыстарды нығайтатын институт ретінде қызмет атқарған [6; 92]. Той рәсімдері тек отбасылық сипатта емес, бүкіл ру-тайпалық қауымның қатысуымен жүзеге асырылып, әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етудің маңызды құралына айналған. Қалыңмал, жасау, құдалар арасындағы алмасу сияқты дәстүрлер әдеттік құқық нормаларының нақты көрінісін және қоғамдық қатынастарды реттеудің қалыптасқан жүйесін айқындайды.

Зерттеу барысында өмірлік циклге байланысты әдет-ғұрыптардың, соның ішінде жерлеу және ас беру рәсімдерінің қоғамдағы рухани-әлеуметтік тұтастықты сақтауда маңызды орын алғаны анықталды. Марқұмды жерлеу, ас беру мерзімдері мен тәртібі, оған қауымның қатысуы дәстүрлі нормалардың тұрақтылығын көрсетеді. Бұл рәсімдерде исламдық элементтердің болғанына қарамастан, олардың орындалуында әдеттік құқық нормаларының басымдығы сақталған.

Экзогамиялық некелік қатынастардың сақталуы, жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасы қазақ қоғамындағы әлеуметтік реттеудің негізгі тетіктерінің бірі болған. Дегенмен XX ғ. соңына қарай әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты кейбір дәстүрлер трансформацияға ұшырап, олардың мазмұны мен орындалу формасы өзгеріске ұшырады. Қазақ қоғамында әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер тарихи сабақтастықты сақтай отырып, сыртқы мәдени ықпалдар мен діни факторлардың әсерінен күрделі эволюциялық дамудан өтті [15; 209].

Э. Телеуова қазақ әдеттік құқығына шариғаттың ықпалы анық болғанын атап көрсетті. Шариғат — барлық мұсылмандар үшін орындалуы тиісті, исламда көрсетілген адамгершілік заң құрылымдары. Басқа құрамына білім және діни талаптар енеді. Ислам заңын тануда шариғаттың негізгі мазмұны Құран, Сунна, Иджма және Қияс деп танылады. Шариғатты жетілдіру үдерісінде кез келген жағдайға байланысты негізгі категориялар жасалған. Ондай категориялардың қатары бесеу: оның екеуі мұсылмандардың міндеттеріне байланысты: парыз — қатаң міндетті бұйрықтар; мандуб — мақұлданатын, бірақ міндетті емес бұйрық. Екеуі шектеу салатын категориялар: харам — тыйым салынатын әрекеттер және макрух — тыйым салынбаған, бірақ мақұлданбайтын әрекет. Соңғы категорияға мухаб, бұл әрекетке ислам бейтарап қарайды. Шариғаттың өзіне тән көптеген әдет ғұрыптық талаптары бар [17; 26].

Халқымыздың бойында ғасырлар бойы жинақталған қасиеттердің айнасы іспеттес болған наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар — бір бүтіннің бірін-бірі толықтырып тұратын екі жартысы секілді. Әдет-ғұрып — халықтың өмір салтына сай әрекет-амалы болса, наным-сенім — халықтың ойлау жүйесін құрайды. Бірақ, наным-сенім елдің тұрмыс-тіршілігін бір ретке келтіретін күш қуат ретінде әрдайым іс әрекеттің алдында тұрады [18; 65].

Шариғатта да, әдет нормаларында да қарапайым адамның күнделікті іс әрекетіндегі міндеттер мен талаптар, ережелер орнатылған. Шариғатта қоғамдық қатынастардың барлық жақтары қарастырылады. Далалық заңдардан шариғаттың айырмашылығы әр мұсылманның өз іс-әрекеті үшін

жауаптылығы. Шариғатта жеке адамгершілік құқығы жоқ, бірақ дінге сенушілердің моралі бар. Бұл ортағасырлық құқықтық қатынастардың дамуының белесі болды. Мұндағы азаматтық, қылмыстық, отбасылық, шаруашылық құқықтары жинақталып, оның басты нормасы ретінде мұсылманның адал өмір сүру заңын құрады. Шариғат заңдары қоғамдық қатынас тарды күшейтіп, нығайтуға жол ашты.

Шариғат нормаларының бірқатары «Жеті жарғы» заңдар жинағында көрініс тауып, кейбір әдет-ғұрып ережелері құқықтық норма деңгейіне көтерілді. Әсіресе отбасылық құқық саласында неке қию, талақ ету, қалыңмал беру сияқты дәстүрлер шариғатпен ұштасып отырды. Жалпы алғанда, шариғат Құран мен Сүннетке негізделген моральдық-құқықтық жүйе ретінде қоғамның рухани және әлеуметтік қатынастарын реттеуде маңызды рөл атқарды. Қазақ қоғамы оны өз ерекшеліктеріне бейімдеп, әдет-ғұрып нормаларымен үйлесімді түрде қолданды, соның нәтижесінде дәстүрлі құқық жүйесінің тұтастығы сақталды.

Сонымен орта ғасырларда қазақ қоғамы ислам дінінің барлық қағидаларын толық сақтай бермегенімен, олардың іс-әрекеттері шариғатқа қайшы келмеді. Даулы мәселелерді шешу мен құқық бұзушылықтарды жазалау барысында әдет-ғұрып нормаларымен қатар шариғат заңдары да қолданылды. Шариғат істері билер соты сияқты көпшілік алдында ауызша түрде жүргізілді. Қарыз беру мен алу, өзара көмек көрсету ислам қағидаларына сәйкес маңызды орын алды. Мұрагерлік қатынастарда ер адамға толық, әйелге жарты үлес беру тәртібі сақталды, ал жеке меншікке қол сұғу ауыр қылмыс ретінде қатаң жазаланды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ қоғамындағы қоғамдық және әлеуметтік қатынастарды реттеу жүйесі әдет-ғұрып нормалары мен шариғат заңдарының өзара ықпалдастығы негізінде қалыптасқан. Осыған байланысты қазақ қоғамының құқықтық жүйесін біржақты тек әдет-ғұрыпқа немесе тек шариғатқа негізделген жүйе ретінде емес, керісінше осы екі құқықтық жүйенің синтезі ретінде қарастыру орынды. Біріншіден, егер құқықтық жүйені тек әдет-ғұрып нормаларына негізделген дербес жүйе деп қарастырсақ, зерттеу нәтижелері шариғат нормаларының да тікелей және жанама ықпал еткенін көрсетті. Сондықтан бұл тұжырым толық негізді бола алмайды. Екіншіден, құқықтық жүйені шариғат заңдарының толық көрінісі деп бағалау да дұрыс емес, өйткені қоғамдық қатынастардың басым бөлігі әдет нормалары арқылы реттелген. Үшіншіден, ең негізді тұжырым — қазақ қоғамындағы құқықтық жүйе әдет-ғұрып нормалары мен шариғат заңдарының өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан синкреттік жүйе. Бұл жүйеде әдет нормалары жетекші рөл атқарып, шариғат оларды толықтырып отырған. Соның нәтижесінде қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне бейімделген, тұрақты әрі икемді құқықтық жүйе қалыптасты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зиманов С. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариғаттың әсері / С. Зиманов. — Алматы: Жеті жарғы, 1998. — 126 б.
- 2 Құдайбергенова А. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрып мен салт-дәстүр ерекшеліктері / А. Құдайбергенова, Қ. Бекбалақ; құраст. С. Әжіғали // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары [2 томдық]. — Алматы: Арыс, 2005. — 1-том. — Б. 202–210.
- 3 Әжіғали С. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / С. Әжіғали, Н. Байғабатова; құраст. С. Әжіғали // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары [2 томдық]. — Алматы: Арыс, 2005. — 1-том. — Б. 176–201.
- 4 Әжіғали С. Қазақтардың дінге сенгіштігі / С. Әжіғали, Е. Оразбек // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары [2 томдық]. — Алматы: Арыс, 2005. — 1-том. — Б. 37–72.
- 5 Герн фон В.К. Характер и нравы казахов / В.К. Герн фон. — Павлодар: ЭКО, 2006. — 138 с.
- 6 Калмаков Н. Сырдария облысының солтүстік уездері қазақтарының кейбір отбасылық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері / Н. Калмаков; ауд. Е.Ержанов; құраст. С.Әжіғали // Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары [2 томдық]. — Алматы: Арыс, 2006. — 2-том. — Б. 87–94.
- 7 Смагулова С. Қазақ мерзімді басылымдардағы қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәселесі / С. Смагулова // Отан тарихы. — 2008. — № 3. — Б. 185–193.
- 8 Мустафина Р. Бытовой ислам в Казахстане / Р. Мустафина // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем: сб. статей. — Алматы: Ғылым, 2001. — 428 с.
- 9 Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х. / С.Е. Ажигали // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем = Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері = Kazakh Customs and Rites in the Past and Present: сб. статей. — Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. — С. 35–95

- 10 Тойшанұлы А. Түрік халықтарының әдет-ғұрыптары: монография / А. Тойшанұлы. — Алматы: [б. ж.], 2024. — 366 б.
- 11 Уалиханов Ш.Ш. Собрание сочинения [в 5-т-х] / Ш.Ш. Уалиханов. — Алма-Ата, 1961. — Т. 1. — 432 с.
- 12 Радлов В.В. К вопросу об Уйгурах. Приложение к 72 тому Записок Императорской Академии наук № 2 / В.В. Радлов. — СПб., 1893. — 130 с.
- 13 Вамбери А. История Бохары или Трансоксании с древнейших времен до настоящего: [в 2-х т-х] / А. Вамбери. — СПб.: Типография Скарятин, 1873. — Т. 1. — 555 с.
- 14 Бартольд В.В. Тюрки. 12 лекций по истории тюркских народов Средней Азии / В.В. Бартольд. — Москва: Издательство Юрайт, 2026. — 154 с.
- 15 Бернштам А.Н. Археологические работы в Казахстане и Киргизии / А.Н. Бернштам // Вестник древней истории. — 1934. — № 4. — С. 169–172.
- 16 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары: [14 том] / Ә.Х. Марғұлан. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. — Т. 1. — 608 б.
- 17 Телеуова Э.Т. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері / Э.Т. Телеуова. — Алматы: Қазақ университеті, 2007. — 106 б.
- 18 Илесбеков Б.І. Қазақтың көне әдет-ғұрып нормаларының ислам құқығымен сабақтас тұстары / Б.І. Илесбеков, Н. Анарбаев, Н. Маукен // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. — 2019. — № 3 (69). — Б. 59–68.

А.Б. Альдибаева, К.О. Сейтказина

Исторические особенности взаимовлияния норм шариата и обычного права в казахском обществе в конце XIX — начале XX вв.

В статье рассматриваются особенности взаимовлияния норм шариата и обычного права в казахском обществе конца XIX — начала XX века, их воздействие на духовную культуру, а также роль в регулировании общественных отношений. Актуальность темы обусловлена необходимостью научного осмысления основ формирования духовной культуры традиционного общества, ее исторической преемственности и путей развития. В статье на основе научного анализа материалов, введенных в научный оборот, рассмотрены функции норм обычного права в регулировании общественных отношений, их связь с социальной структурой, мировоззренческими ценностями и правовым сознанием. Кроме того, проанализированы особенности адаптации традиционных норм к изменяющимся историко-политическим условиям. Традиционные нормы обычного права казахского народа, сформировавшиеся как неотъемлемая часть кочевой цивилизации, играли важную роль в регулировании общественных отношений. Они обеспечивали внутреннюю устойчивость общества и выступали эффективным механизмом поддержания социальной гармонии. Наряду с этим нормы обычного права способствовали формированию правового сознания и обеспечивали преемственность духовных ценностей, передаваемых из поколения в поколение. В ходе исследования раскрыто содержание духовной культуры, сформировавшейся на основе взаимодействия норм обычного права и шариата, а также выявлено их влияние на общественное сознание, правовую практику и повседневный уклад жизни. Показаны особенности ценностных ориентиров и культурной преемственности, сформировавшихся в результате данного взаимодействия. В результате исследования установлено, что нормы обычного права казахского общества не противоречили нормам шариата, а развивались в соответствии с их основными принципами, сохраняя при этом связь с особенностями кочевой цивилизации. Обычное право играло ведущую роль в регулировании повседневной жизни, социальных отношений и моральных норм, тогда как шариат дополнял данную систему в духовно-религиозном аспекте. Такое взаимодействие определило специфику правового сознания казахского общества и обеспечило его внутреннюю целостность. Также установлено, что значительное влияние на формирование традиционной правовой системы оказали правовые традиции и нормы древнетюркского общества. Правовые нормы, структура власти и практика регулирования общественных отношений, сложившиеся в тюркскую эпоху, были сохранены в казахской системе обычного права как проявление исторической преемственности и получили дальнейшее развитие в новых исторических условиях.

Ключевые слова: казахское общество, нормы шариата, нормы обычного права, правовая система, духовная культура, историческая преемственность, кочевая цивилизация.

A.B. Aldibaeva, K.O. Seitkazina

Historical Features of the Interaction between Sharia and Customary Law Norms in Kazakh Society in the late 19th — early 20th Century

The article examines the features of the mutual influence of Sharia norms and customary law in Kazakh society in the late nineteenth- and early twentieth-century, their impact on spiritual culture, and their role in regulating social relations. The relevance of the topic is determined by the need for a scholarly understanding of the foundations of the formation of the spiritual culture of traditional society, its historical continuity, and its development paths. Based on a scientific analysis of materials introduced into scholarly circulation, the article examines the functions of customary law norms in regulating social relations, their connection with social structure, worldview values, and legal consciousness. In addition, the features of the adaptation of traditional norms to changing historical and political conditions are analyzed. The traditional norms of Kazakh customary law, formed as an integral part of nomadic civilization, played an important role in regulating social relations. They ensured the internal stability of society and served as an effective mechanism for maintaining social harmony. Along with this, customary law norms contributed to the formation of legal consciousness and ensured the continuity of spiritual values transmitted from generation to generation. In the course of the study, the content of spiritual culture formed on the basis of the interaction between customary law norms and Sharia was revealed, and their influence on public consciousness, legal practice, and everyday life was identified. The features of value orientations and cultural continuity formed as a result of this interaction are also shown. As a result of the study, it was established that the norms of customary law in Kazakh society did not contradict Sharia norms, but developed in accordance with their basic principles, while maintaining a connection with the features of nomadic civilization. Customary law played a leading role in regulating everyday life, social relations, and moral norms, whereas Sharia complemented this system in the spiritual and religious aspect. This interaction determined the specificity of legal consciousness in Kazakh society and ensured its internal integrity. It was also established that the legal traditions and norms of ancient Turkic society had a significant influence on the formation of the traditional legal system. The legal norms, structure of power, and practices of regulating social relations that developed during the Turkic period were preserved in the Kazakh system of customary law as a manifestation of historical continuity and were further developed under new historical conditions.

Keywords: Kazakh society, Sharia norms, customary law, legal system, Southern Kazakhstan, spiritual culture, historical continuity, nomadic civilization.

References

- 1 Zimanov, S. (1998). *Qazaq adet-guryp zandaryna shariattyn aseri* [The influence of Sharia on Kazakh customary law]. Almaty: Zheti zhargy [in Kazakh].
- 2 Kudaibergenova, A., & Bekbalak, Q. (2005). Ontustik Qazaqstan qazaqtarynyn adet-gurpy men salt-dastur erekshelikteri [Features of customs and traditions of Kazakhs of Southern Kazakhstan]. *Qazaq khalkynyn dasturleri men adet-guryp tury — Traditions and customs of the Kazakh people* (pp. 202–210). S. Azhigali (Comp). Vols. 1-2. Vol. 1. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 3 Azhigali, S., & Baigabatova, N. (2005). Zhetisu qazaqtarynyn salt-dasturleri men adet-guryp tury [Traditions and customs of Kazakhs of Zhetysu]. *Qazaq khalkynyn dasturleri men adet-guryp tury — Traditions and customs of the Kazakh people* (pp. 176–201). S. Azhigali (Comp). Vols. 1-2. Vol. 1. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 4 Azhigali, S., & Orazbek, E. (2005). Qazaqtardyn dinge sengishtigi [Religiosity of Kazakhs]. *Qazaq halkynyn dasturleri men adet-guryp tury — Traditions and customs of the Kazakh people* (pp. 37–72). S. Azhigali (Comp). Vols. 1-2. Vol. 1. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Gern fon, V.K. (2006). *Kharakter i nruy kazakhov* [Character and customs of the Kazakhs]. Pavlodar: EKO [in Russian].
- 6 Kalmakov, N. (2006). Syrdariia oblysynyn soltustik uezderi qazaqtarynyn keibir otbasylyq adet-guryp tury men salt-dasturleri [Some family customs and traditions of Kazakhs of the northern districts of Syrdarya region]. *Qazaq khalkynyn dasturleri men adet-guryp tury — Traditions and customs of the Kazakh people* (pp. 87–94). S. Azhigali (Comp); Ye.Yerzhanov (Trans). Vols. 1-2. Vol. 2. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 7 Smagulova, S. (2008). Qazaq merzimdi basylymdardagy qazaqtyn salt-dastur, adet-gurpy maselesi [Issues of Kazakh traditions and customs in periodicals]. *Otan tarikh — History of the homeland*, 3, 185–193 [in Kazakh].
- 8 Mustafina, R. (2001). Bytovoi islam v Kazakhstane [Everyday Islam in Kazakhstan]. *Obychai i obriady kazakhov v proshlom i nastoiashchem — Customs and rituals of the Kazakhs in the past and present*. Almaty: Gylm [in Russian].
- 9 Azhigali, S.E. (2001). Religioznost i obriadnost selchan Kazakhstana v blizhaishei retrospektive: Zhetysu, seredina 80-kh [Religiosity and rituals of rural population of Kazakhstan in recent retrospect: Zhetysu, mid-1980s]. *Obychai i obriady kazakhov v proshlom i nastoiashchem = Qazaqtyn adet-guryp tury men salt-dasturleri = Kazakh Customs and Rites in the Past and Present* (pp. 35–95). Sbornik statei — Articles-book. Almaty: Gylm [in Russian, in Kazakh, in English].

- 10 Toishanuly, A. (2024). *Turik khalyktarynyn adet-guryp tury: monografiia* [Customs and traditions of Turkic peoples: monograph]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Ualikhanov, Sh.Sh. (1961). *Sobranie sochinenii* [Collected works]. Vols. 1-5. Vol. 1. Alma-Ata [in Russian].
- 12 Radlov, V.V. (1893). *K voprosu ob Uigurakh. Prilozhenie k 72 tomu Zapisok Imperatorskoi Akademii nauk № 2* [To the question of the Uighurs. Supplement to volume 72 of the Notes of the Imperial Academy of Sciences No. 2]. Saint Petersburg: Tipografiia Imperatorskoi Akademii nauk [in Russian].
- 13 Vamberi, A. (1873). *Istoriia Bokhary ili Transoksanii s drevneishikh vremen do nostoiashchego: v 2-kh tomakh* [History of Bohara or Transoxania from ancient times to the present]. Vols. 1-2. Vol. 1. Saint Petersburg: Tipografiia Skariatina [in Russian].
- 14 Bartold, V.V. (2026). *Tiurki. 12 lektzii po istorii tiurkskikh narodov Srednei Azii* [The Turks. 12 lectures on the history of Turkic peoples of Central Asia]. Moscow: Yurait [in Russian].
- 15 Bernshtam, A.N. (1934). *Arkheologicheskie raboty v Kazakhstane i Kirgizii* [Archaeological works in Kazakhstan and Kyrgyzstan]. *Vestnik drevnei istorii — Bulletin of Ancient History*, 4, 169–172 [in Russian].
- 16 Margulan, A.Kh. (2007). *Shygarmalary* [Collected works]. Vols. 1-14. Vol. 1. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- 17 Teleuova, E.T. (2007). *Dasturli qazaq qogamynyn aleumettik-quqyqtyq erekshelekteri* [Socio-legal features of traditional Kazakh society]. Almaty: Qazaq University [in Kazakh].
- 18 Ilesbekov, B.I., Anarbaev, N., & Mauken, N. (2019). Qazaqtyn kone adet-guryp normalarynyn islam quqygymen sabaqtas tustary [Aspects of ancient Kazakh customary norms in connection with Islamic law]. *Qazaq Ul'tyq Universitetinin Khabarshysy. Filosofiia, Madeniettanu, Saiasattanu Seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philosophy, Cultural Studies, Political Science Series*, 3 (69), 59–68 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Аида Б. Альдибаева — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-3903-7007>

Куралай О. Сейтказина — т.ғ.к., қауымдастырылған професор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>

Information about the authors

Aida B. Aldibaeva — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-3903-7007>

Kuralay O. Seitkazina — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3057-7161>